



**БҰЙРЫҚ**  
2019 жылғы «01» Ақпан

Ақтөбе қаласы

**ПРИКАЗ**  
№ 39  
город Актөбе

## Банкроттық басқарушыны міндетінен босату және тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12 бабының 10 тармағының 3 тармақшасы, 93-бабының 4 тармағына сәйкес және «САЯТ ЖОЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2019 жылғы 24 қаңтардағы кредиторлар жиналысының хаттамалық шешімінің негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «САЯТ ЖОЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, БСН 011040005242 банкроттық басқарушысы Нурберген Башибаевич Тубетов банкроттық басқарушы міндетінен босатылсын.

2. Банкроттық басқарушы Нурберген Башибаевич Тубетов борышкердің құрылтайшы, қаржы және оның мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарын, барлық мүліктерін (активтерін), сондай-ақ борышкердің мөртаңбасын қайта тағайындалған банкроттық басқарушысына үш жұмыс күнінен кешіктірмей (бар болған жағдайда) тапсырсын.

3. «САЯТ ЖОЛЫ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, БСН 011040005242 банкроттық басқарушысы болып Тәттігүл Жанайдарқызы Төлеубай тағайындалсын.

4. Тәттігүл Жанайдарқызы Төлеубайға Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарына сәйкес банкроттық басқарушы міндеттерін атқару жүктелсін.

5. Банкроттық басқарушы Тәттігүл Жанайдарқызы Төлеубай Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

6. «Банкроттық басқарушы тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ақтөбе облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің 2017 жылғы 4 қыркүйектегі №439 бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Шолпан Тлесовна Алимбетоваға жүктелсін.

Басшы

А. Паяев

008020